

Сабақтың тақырыбы: Тарихи және географиялық аймақтар.

Оқу мақсаттары:

Саяси карта көмегімен тарихи және географиялық аймақтарға кіретін елдерді анықтау.

Жетістік критерийлері:

- ✓ Дүние жүзіндегі тарихи-географиялық аймақтар туралы біліп, қандай елдер орналасқанын анықтау.
- ✓ Тарихи-географиялық аймақтардың қалыптасу себептерін анықтап, оларды картаға түсіру.

Тексерейік:

<p>Азияның жаңа индустриялы елдері - «Азиялық жолбарыстары»</p>	<p>Олар өздерінің қолайлы экономикалық-географиялық жағдайын тиімді пайдаланып, делдалдық қызмет пен экономиканың еңбекті көп тілейтін жаңа салаларын дамыту барысында Батыс Еуропаның кейбір дамыған елдерін басып озған — Корея Республикасы, Тайвань, Сингапур, Малайзия және Таиланд осы топшаның өкілдері. Бұларда ЖІӨ өндіру көлемі жан басына шаққанда жылына 6500—20000 доллар шамасында, ал Сингапурда — 25000 доллар.</p>
<p>мұнай экспорттаушы елдер /ОПЕК/</p>	<p>табысының негізгі көзі мұнай және мұнай өнімдерін шығару мен экспорттау болып табылатын, құрамына 11 ел кіретін халықаралық ұйым; Азия, Африка және Латын Америкасының негізгі мұнай өндіруші мемлекеттерінің бірілестігі. Штаб пәтері-Вена. /Австрия/</p>
<p>Үлкен сегіздік (G8)-</p>	<p>Батыстың жоғары дамыған мемлекет басшыларының тұрақты кеңесі. /Ұлыбритания, Ресей Канада, Франция,АҚШ ИталияЖапония, ГФР/ Үлкен сегіздіктің жыл сайынғы кеңестерінде сегіздік мүшелері кезектесіп төрағалық етіп отырады. Оның мақсаты әлемдік қатынастарды реттеуде Батыс елдерінің ықпалын күшейту, саяси бағыттарын үйлестіру.</p>
<p>Қоныс аударушы капитализм» елдері -</p>	<p>Бұлардың барлығы Ұлыбританияның бұрынғы отарлары — Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка Республикасы, сол сияқты Израиль де осы топшаға жатады. Олар іс жүзінде феодализм құрылысын басынан кешірмей, экономикалық дамудың өзгеше жолын ұстанды.</p>

Тарихи-географиялық аймақтар

1. Батыс Еуропа
2. Шығыс Еуропа
3. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД)
4. Оңтүстік Батыс Азия
5. Оңтүстік Азия
6. Орталық және Шығыс Азия
7. Оңтүстік-Шығыс Азия
8. Солтүстік Америка
9. Латын Америкасы
10. Солтүстік Африка
11. Батыс Африка
12. Орталық Африка
13. Шығыс Африка
14. Оңтүстік Африка
15. Аустралия
16. Мұхит аралдары

Бейнебаянмен жұмыс:



<https://yandex.kz/video/search?p=1&filmId=18074223316942361969&text=%D0%B3%D0%B5%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B5%20%D1%80%D0%B5%D0%B3%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D1%8B%20%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%B0>

Топтық жұмыс:

Жетістік критерийлері: Тарихи-географиялық аймақтардың қалыптасу себептерін анықтап, оларды картаға түсіру.

а) Бейнебаянды, атласты пайдалана отырып, контур картаға тарихи – географиялық аймақтарды түсіріп, 1 дамыған мемлекеттен жазып, сол мемлекеттің дамуына шағын сипаттама беріңіз.

ЕЛДЕРДІҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ БӨЛІНУ СЕБЕПТЕРІ

1. Географиялық орнына сипаттама жасаңыз.
2. Тарихи – географиялық облыстың құрамына қандай ірі мемлекеттер кіреді анықтаңыз.
3. Этникалық және діни ерекшеліктері бойынша (халқына сипаттама беріледі) Мәдениет және тұрмыс салтына шағын сипаттама беріңіз.
4. Әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайына баға беріңіз

False and True әдісі

Латын Америкасы Америка құрлығының оңтүстік бөлігінде орналасқан.

A) False

B) True

Тарихи – географиялық облыстардың саны 16 тең.

A) False

B) True

Африка құрлығының 5 бөліктен тұратыны рас па?

A) False

B) True

Қазақстанның географиялық орны - Еуразия материгінің Орталық бөлігінде орналасқаны шындық па? Әлде сіз оны Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (СНГ) құрамына жатқызар ма едіңіз? Жауабыңызды дәлелденіз. (егер өз жауабын дәлелдеп бере алса;)

A) False

B) True

Жер бетінің тарихи – географиялық аймақтарға немесе облыстарға бөлінгендігін дұрыс деп есептейсіз ба? Бұл бөліну мемлекеттердің даму деңгейін (показатель уровня развития) көрсететіні шындық па, әлде жалған ба?

A) False

B) True

Сабақтан алған 3 маңызды фактіні жазыңыз

